

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2003-2008 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 2 маусымдағы N 1097 Жарлығы " Президент пен Үкімет актілерінің жинағында " жариялануға тиіс

Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарын, достығы мен ынтымақтастығын одан әрі нығайту мен дамыту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2003-2008 жылдарға арналған **Ынтымақтастық бағдарламасына қол қойсын.**

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2003-2008 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы

Пекинде 2002 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартқа сәйкес, Қазақстан-Қытай достық және ынтымақтастық қатынастарын нығайту мен дамыту мақсатында екі мемлекет басшылары арасындағы уағдаластықтардың негізінде қазақстандық және қытайлық тараптар 2003-2008 жылдары достық ынтымақтастықты мынадай салаларда дамытуға келісті:

I. Саяси сала

1) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы жоғары деңгейдегі өзара сапарларды өткізу және байланыстарды нығайтуды жалғастыру, екі елдің саяси, экономикалық, әскери және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығын жан-жақты ілгерілету.

2) Қазақстан Республикасының Парламенті мен Халықтық Өкілдердің Бүкілқытайлық Жиналысы арасында әр түрлі деңгейлерде алмасуды жолға қою; Қазақстанның саяси партиялары мен Қытай Коммунистік партиясы арасындағы

байланыстар тетігін құру; қоғамды біріктіру жөніндегі жұмыс тәжірибесін зерттеу үшін Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңестік орган - Қазақстан халықтарының ассамблеясы мен Қытайдың Халықтық Саяси Консультативтік Кеңесі арасындағы тұрақты байланыстар тетігін құру туралы мәселені қ а р а у .

3) Екі елдің Сыртқы істер министрліктері арасындағы байланыстарды нығайту және консультациялар өткізу өзара мүдделілік білдірілетін екі жақты қатынастар, өңірлік және халықаралық мәселелер бойынша түрлі деңгейлерде пікір алмасуды уақытылы өткізу. Біріккен Ұлттар Ұйымының және басқа да халықаралық ұйымдардың шеңберінде екі елдің ынтымақтастығын нығайту.

4) Халықтық дипломатия шеңберінде екі ел халықтарының арасындағы байланыстарын нығайту үшін Қазақстан Республикасының қоғамдық ұйымдары және Шетелдермен байланыстар жөніндегі қытайлық қоғамы арасындағы байланыстарға ж ә р д е м к ө р с е т у .

5) Екі елдің шекаралас облыстарының, аудандарының және қалаларының арасындағы алмасуды дамыту, шекара ауданында тұратын халықтың арасындағы өзара түсінбестікке және достық пен ынтымақтастықты нығайтуға жәрдем көрсету.

6) Халықаралық және өңірлік қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатердің алдын алуға бағытталған шараларды әзірлеу үшін тұрақты консультациялар өткізу.

7) Шанхай ынтымақтастық ұйымын одан әрі дамыту жөніндегі қызметті үйлестіруді күшейту, оның шеңберінде терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрестегі, өңірлік қауіпсіздік пен тұрлаулылықты нығайту, сондай-ақ ортақ дамуға жәрдемдесу саласындағы ынтымақтастықты жалғастыру, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңес пен Боаоскілік Азиялық Форумның шеңберлерінде сындарлы диалог жүргізу.

II. Сауда-экономикалық сала

1) Үкіметаралық Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның әлеуетін толық деңгейде анықтау және пайдалану, ынтымақтастық саласын кеңейту, сауда құрылымын жақсарту және адал ниетті бәсекелестікке жағдай т у ғ ы з у .

2) Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қазіргі жағдайына және болашақтағы дамуына сәйкес екі елдің арасында Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы жаңа к е л і с і м ж а с а с у .

3) Қатар өмір сүру, теңдік және өзара тиімділік қағидаттарының негізінде инвестициялық ахуалды жақсарту және бір елдің екінші елдің аумағына инвестиция апарушы кәсіпорындарына белсенді қолдау көрсету. Екі мемлекеттің қолданыстағы заңнамасына сәйкес сауда-экономикалық қызметі үшін екі елдің кәсіпкерлеріне

анағұрлым қолайлы жағдайлар туғызу, консулдық мәселелер саласында екі елдің кәсіпкерлері үшін қолайлы жағдайларды өзара жасау және екі елдің аумақтарында азаматтардың заңды құқықтарын пәрменді түрде қорғау.

4) Көлік пен байланыс саласында, оның ішінде теміржол, автомобиль, әуе көлігі, телекоммуникация, электрондық коммерция, пошта байланысы және Интернет, сондай-ақ аэроғарыштық қызмет саласындағы қолда бар инфрақұрылымды, оның одан әрі дамуын тиімді пайдалану.

5) Тараптар басымдық берілетін тәртіпте сауданың мынадай түрлерін көтермелейтін болады: болат және болат прокаты, теміркеніші өнімдері, химиялық өнімдер, қызмет көрсетулер, машиналар және жабдықтар, халық тұтынатын тауарлар, ауыл шаруашылығы мен мақта-мата өнімдері, киім-кешек.

6) Орталық және коммерциялық банктердің арасындағы ынтымақтастықты белсенді түрде дамыту, ұлттық заңнамаларына сәйкес және тиісті халықаралық міндеттемелердің негізінде бір-бірінің аумақтарында банктердің қызметі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

7) Халықаралық экономикалық ұйымдардың және форумдардың, қаржы мекемелерінің шеңберінде, соның ішінде Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі мәселесі бойынша ынтымақтасу.

8) Екі ел арасындағы жолаушылар мен жүктердің қозғалысына қолайлы жағдай туғызу үшін теңдік пен өзара тиімділік принциптерінің негізінде 1993 жылғы 18 қазандағы Әуе көлігі туралы Қазақстан-Қытай үкіметаралық келісімінің шеңберінде әуе тасымалдауларын дамыту.

III. Энергетика саласы

1) Мұнай-газ саласында екі елдің жан-жақты ынтымақтастығын нығайту, екі мемлекеттің аумақтарындағы мұнай-газ ресурстарын игеру жөніндегі жобаларға екі ел компанияларының қатысуын көтермелеу және қолдау.

2) Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнай желісінің құрылысына қатысты жобаны белсенді түрде зерделеу және оны іске асыру бойынша жұмыс істеу.

3) Қазақстаннан Қытайға газ желісінің құрылысына қатысты ынтымақтастықтың мүмкіндігін зерттеу.

4) Қазақстан Республикасының мұнай-газ ресурстарын пайдалануға, атап айтқанда Каспий теңізі қайраңындағы мұнай-газ ресурстарын барлауға және игеруге қатысушы Қытай кәсіпорындарын көтермелеу және қолдау.

5) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Жер және табиғи ресурстар министрлігінің арасында бірқатар нақты геологиялық жобаларды орындау жөніндегі келісімге қол қою

IV. Әскери және құқық қорғау саласы

1) Екі жақты негізде және Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде халықаралық және өңірлік жағдай мәселелері, оның ішінде қорғаныс саясаты саласындағы, сондай-ақ терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күресте анағұрлым маңызды іс-шараларды келісу жөнінде қорғаныс министрліктері мен бас штабтар делегацияларының консультацияларын өткізу.

2) Тараптардың бірінің қауіпсіздік мүдделеріне нұқсан келтіре алатын дағдарысты жағдай туындаған немесе халықаралық не болмаса өңірлік жағдай шиеленіскен кезде тиімді шаралар қабылдау үшін тұрақты жұмыс істейтін тетікті қарау және жасау. 2002 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының үкіметтері арасында қауіпті әскери іс-әрекетті болдырмау туралы келісімнің күшіне енуін жеделдету.

3) Түрлі деңгейлердегі әскери делегациялармен алмасу практикасын кеңейту, қорғаныс құрылысында, қарулы күштерді реформалауда, әскери кадрлар мен мамандар даярлауда тәжірибе алмасу. Әскердегі саяси-тәрбие мен мәдени-көпшілік жұмыс саласында таныстыру және тәжірибе алмасу практикасын жалғастыру, екі мемлекеттің қарулы күштерінің әскери ән және би ансамбльдерінің өзара гастрольдық сапарларының санын ұлғайту.

4) 1996 жылғы 26 сәуірдегі Қазақстан, Қытай, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан арасындағы әскери салада сенім білдіру шараларын нығайту туралы және 1997 жылғы 24 сәуірдегі Шекара ауданындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімдердің шеңберінде қабылданған міндеттемелерін орындау, Келісімдердің ережелеріне сәйкес өзара инспекциялар жүргізуді жүзеге асыру.

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшелері мен Қытайдың Халық-азаттық армиясының шекаралық бөліктерінің шекаралық өкілдерінің тұрақты кездесулерін өткізу. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекаралық әскерлері мен Қытайдың Халық-азаттық армиясының шекаралық бөлімдерінің арасында достық байланыстар мен алмасуларды орнатуды және дамытуды көтермелеу.

6) Екі жақты форматта және Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберінде Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының құқық қорғау органдарының арасындағы байланыстарды кеңейту және тереңдету. Тараптардың ұлттық заңнамалары мен халықаралық міндеттемелеріне сәйкес терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күресте өзара ықпалдастықты нығайту. Шанхай ынтымақтастық ұйымының Террорға қарсы аймақтық құрылымының қалыптасуына және оның тиімділігін арттыруға белсенді түрде жәрдемдесу.

7) Екі жақты шарттық-құқықтық негізді тұрақты түрде жетілдіру және ұйымдасқан қылмысқа, шекараны заңсыз кесіп өтуге, есірткі құралдарының, прекурсорлардың,

қарудың заңсыз айналымы мен тасымалына және трансшекаралық қылмыстың басқа да нысандарына қарсы күресте өзара іс-қимылдың нысандарын нақтылау.

V. Шекара ауданындағы, көлікке және өткізу пункттеріне қатысты ынтымақтастық саласы

1) Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді әзірлеу және жасасу жөнінде іс-шаралар қабылдау.

2) Үкіметаралық Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның Көлік және өткізу пункттері жөніндегі кіші комиссиясының мүмкіндігін толық деңгейде пайдалану. Шекаралық режимді жетілдіру; теңдік пен өзара тиімділік негізінде шекара төңірегіндегі сауданы көтермелеу саясатын жүргізу; шекара төңірегіндегі әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

3) Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, кедендік, көліктік режимдер саласында шекара төңірегіндегі саудада туындайтын мәселелерді реттеуге қатысты пәрменді шаралар қабылдау; кедендік шарттылықтарды жеңілдету және үйлестіру, кедендік тарифтер режимін жетілдіру және тауарлар үшін транзиттік режимді келісу; стандарттарды бірегейлендіруге және өзара ресмилендіруді жүзеге асыруға жәрдемдесу; екі мемлекет аумақтарындағы жүк тиеу/жүк түсіру пункттеріне дейін автокөлік құралдарының жол жүруіне байланысты мәселелерді шешу үшін шаралар қабылдау.

4) Қоршаған ортаны қорғау, оның ішінде атмосфераны ластанудан қорғау, экологиялық қорғаныш, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қорғаудағы ынтымақтастықты дамытуды, шаң-топырақ борасынының және топырақтың азып-тозуының алдын алу жөнінде ынтымақтастықты күшейтуді жалғастыру. 2001 жылғы 12 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің негізінде трансшекаралық өзендерді ұтымды пайдалану мен қорғау саласында екі елдің ынтымақтастығын ж а н д а н д ы р у .

5) Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының кеден қызметкерінің ынтымақтастығын үйлестіру мақсатында тараптар кеден органдарының қызметкерлерін өзара жіберіп отыру мүмкіндігін дипломатиялық арналар бойынша келіседі. Тараптар кедендік жұмыс қызметіне қатысты тәжірибе алмасады және кеден қызметкерлерін кәсіби тұрғыдан оқытуды жүргізетін болады.

VI. Ғылыми-техникалық сала

1) Екі елдің ғылыми-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссияны үйлестіру кезінде ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамыту.

2) Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы мен Қытай Халық

Республикасының Ғылым академиясы арасында тұрақты және орнықты байланыстар
о р н а т у .

3) Екі елдің инновациялық қызметін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында және Қытай Халық Республикасында жоғары технологиялар мен технопарктерді игерудің, бірлескен аймақтарын құру туралы мәселені қарау.

4) Екі ел ғалымдарының қатысуымен халықаралық ғылыми форумдарды, конференцияларды, симпозиумдарды өткізу.

VII. Мәдени-гуманитарлық сала

1) Екі елдің мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығын үйлестіру үшін Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі комиссияны құру туралы мәселені
қ а р а у .

2) Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Мәдениет министрлігі арасында тұрақты негізде ынтымақтастықты жүзеге асыру, театр-музыка өнері саласында, мұражайлар мен кітапханалар арасында алмасудың дамуын қолдау.

3) Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Ұлттар істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің арасындағы тұрақты байланыстарды ұйымдастыру, Қазақстан халықтары ассамблеясы мен Ұлттық азшылықтардың сыртқы байланыстары жөніндегі қытайлық қоғамы арасындағы алмасуларды және ынтымақтастықты дамытуды қолдау.

4) Бір жағынан, Қазақстанның мемлекеттік жастар саясатын іске асырумен айналысатын мемлекеттік органдары мен қоғамдық жастар ұйымдарының және екінші жағынан, Бүкілқытайлық жастар қауымдастығының арасындағы байланыстарды нығайту, өңірлердегі жастар мен екі елдің жас кәсіпкерлері арасындағы байланыстар
мен ынтымақтастықты кеңейту .

5) Мүмкіндігіне қарай бұқаралық ақпарат құралдары арасында алмасу жүргізу. Екі елдің дамуы барысы туралы бір-біріне объективті ақпараттар беру, екі елдің халықтары арасындағы өзара түсіністікке жәрдемдесу және достықты нығайту мақсатында
т ә ж і р и б е м е н а л м а с у .

6) Зияткерлік меншікті қорғау саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыру.

7) Білім және ғылыми дәрежелер туралы құжаттарды өзара тану және олардың эквиваленттілігі (баламалылығы) туралы келісімді әзірлеу және қол қою.

8) Екі мемлекеттің аумақтарында консулдық мекемелерді ашу туралы мәселені
з е р т т е у д і ж а л ғ а с т ы р у .

Осы бағдарлама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы бағдарламаға Астана қаласында 2003 жылғы " __ " маусымда әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі данадан қол қойылды және де барлық мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы
үшін үшін

Қытай Халық Республикасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК